

Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Болгария Республикасының Үкіметі арасында денсаулық сақтау және медицина ғылымы саласындағы ынтымақтастық туралы келісім жасасу туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2003 жылғы 17 қыркүйектегі N 944 қаулысы

Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Қоса беріліп отырған Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Болгария Республикасының Үкіметі арасында денсаулық сақтау және медицина ғылымы саласындағы ынтымақтастық туралы келісімнің жобасы мақұлдансын.

2. Қазақстан Республикасының Денсаулық сақтау бірінші вице-министрі, Қазақстан Республикасының бас мемлекеттік санитарлық дәрігері Анатолий Александрович Белоногқа Келісімнің жобасына қағидаттық сипаты жоқ өзгерістер мен толықтырулар енгізуге рұқсат ете отырып, Қазақстан Республикасы Үкіметінің атынан Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Болгария Республикасының Үкіметі арасында денсаулық сақтау және медицина ғылымы саласындағы ынтымақтастық туралы келісімге қол қоюға өкілеттік берілсін.

3. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң

Премьер-Министрі

Жоба

Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Болгария Республикасы Үкіметінің арасындағы денсаулық сақтау және медицина ғылымы саласындағы ынтымақтастық туралы Келісім

Бұдан әрі Уағдаласушы тараптар деп аталатын Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Болгария Республикасының Үкіметі денсаулық сақтау және медицина ғылымы саласында мемлекеттері арасындағы ынтымақтастықты дамытуға ниеттерін басшылыққа ала отырып, төмендегілер туралы келісті:

1-бап

Уағдаласушы тараптар екі жақтың мүдделері мен өзара ықылас негізінде және екі мемлекеттің ұлттық заңнамасына сәйкес денсаулық сақтау және медицина ғылымы саласындағы ынтымақтастықты дамытуға жәрдемдесетін болады.

2-бап

Уағдаласушы тараптар басымдық берілген мынадай салалардағы ынтымақтастықты дамытады :

- бастапқы медициналық-санитарлық көмек көрсету;
- мамандандырылған медициналық көмек көрсету;
 - ана мен бала денсаулығын сақтау;
- санитарлық-эпидемиологиялық бақылау саласындағы ынтымақтастық;
 - тамақ өнімдерінің гигиенасы және тамақ өнімдерін санитарлық-эпидемиологиялық қадағалауды ұйымдастыру;
 - қоршаған орта және денсаулық;
 - дәрі саясаты;
 - медицина ғылымы;
- денсаулық сақтауды қаржыландыру.

Санамаланған салалардан басқа, Уағдаласушы тараптар және ынтымақтастықтың басқа да салаларын қосымша талқылауы мүмкін.

3-бап

Уағдаласушы тараптар бір-бірімен:

- ғылыми-педагогикалық кадрлар, медицина мамандарын алмасу;
- тараптар үшін басым проблемалар бойынша тәжірибе және өзекті ақпарат алмасу;
 - ұлттық ғылыми-медициналық іс-шараларға ғалымдардың қатысуы;
 - бірлескен ғылыми-практикалық жобалармен жұмыс істеу жолымен ынтымақтастық жасайды.

4-бап

Уағдаласушы тараптар жұқпалы және паразиттік аурулардың алдын алу әрі мемлекеттік санитарлық бақылау саласында екі мемлекеттің құзыретті органдарының арасындағы ынтымақтастықты дамытуға жәрдемдесетін болады.

Қажет болған жағдайда, олар өз мемлекеттерінде қалыптасқан эпидемиологиялық ахуалдың өршуі, сондай-ақ басқа да аса қауіпті жұқпалы аурулардың пайда болуы туралы бір-бірін өзара хабардар ететін болады.

5-бап

Уағдаласушы тараптар медицина ғылымы саласында ақпарат және тәжірибе алмасу мақсатында екі мемлекет медициналық білім беру ұйымдарының, ғылыми орталықтар

мен ғылыми-зерттеу институттарының арасындағы тікелей ынтымақтастықты дамытуға жәрдемдесетін болады.

6-бап

Уағдаласушы тараптар өз елдерінде халықаралық ғылыми іс-шараларды өткізу туралы бір-бірін хабардар ететін болады және мүдделі мамандарды тартуда жәрдемдесетін болады.

7-бап

Мамандар мен сарапшыларды өзара алмасу жіберетін және қабылдайтын ұйымдардың құқықтары, міндеттері мен жауапкершілігі, сондай-ақ көрсетілген шараларды қаржыландыру тәртібі белгіленетін екі мемлекеттің мүдделі ұйымдары арасындағы шарттарға сәйкес жүзеге асырылатын болады.

8-бап

Уағдаласушы тараптар осы Келісімнің орындауымен байланысты қызметті үйлестіру үшін екі мемлекеттің құзыретті органдары ретінде мыналарды белгілейді:

Қазақстан тарапынан - Қазақстан Республикасының Денсаулық сақтау министрлігі;

Болгария тарапынан - Болгария Республикасының Денсаулық сақтау министрлігі.

Уағдаласушы тараптар екі мемлекет құзыретті органдарының ресми атаулары немесе функциялары өзгерген жағдайда, дипломатиялық арналар бойынша бұл туралы бір-бірін дереу хабардар етеді.

9-бап

Осы Келісім бес жылға жасалады және Уағдаласушы тараптардың оны күшіне енгізу үшін қажетті мемлекетішілік рәсімдерді орындағаны туралы соңғы жазбаша хабарлама алынған күнінен бастап күшіне енеді.

Егер Уағдаласушы тараптардың бірі басқа уағдаласушы тарапқа дипломатиялық арналар бойынша оның қолданылу мерзімі өткенге дейін алты айдан кешіктірмей осы Келісімнің күшін жоюға өз ниеті туралы хабарламаса, Келісімді қолдану келесі бесжылдық мерзімге өздігінен ұзартылады.

10-бап

Осы Келісімге өзгерістер мен толықтырулар енгізу Уағдаласушы тараптардың өзара келісімі бойынша жүзеге асырылады және осы Келісімнің ажырамас бөлігі болып табылатын жекелеген хаттамалармен ресімделеді.

11-бап

Осы Келісім күшіне енгеннен баптап Уағдаласушы тараптардың арасындағы қатынастарда 1982 жылғы 3 қарашадағы Болгария Халық Республикасының Үкіметі мен Советтік Социалистік Республикалар Одағы Үкіметінің арасындағы "Денсаулық сақтау және медицина ғылымы саласындағы ынтымақтастық туралы" келісімнің қолданылуы тоқтатылады.

200 жылғы "___"_____ әрқайсысы қазақ, орыс және болгар тілдерінде екі түпнұсқа данада жасалған, бұл ретте барлық мәтіннің күші бірдей.

Осы Келісімнің ережелерін түсіндіру кезінде келіспеушіліктер туындаған жағдайда, Уағдаласушы тараптар орыс тіліндегі мәтінге жүгінеді.

*Қазақстан Республикасының
Үкіметі үшін*

Болгария Республикасының

Үкіметі үшін